

**«ҒҰМАРБЕК ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ  
БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АҚ  
ҚОСЫМША ЖӘНЕ ҚАЙТА ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ**

**Жалпы ережелер**

1. Білім алушылар үшін академиялық кезең ішінде немесе жазғы қосымша семестрде қосымша немесе қайта оқу қарастырылған:

- оқу процесін аяқтау үшін қажетті кредиттердің міндетті санының көлеміне кірмейтін пәндерді зерделеуге тілек білдірушілерге;

- оқу бағдарламаларындағы айырмашылықтарды жою үшін университетке оқуға қайта қабылдау кезінде немесе басқа ЖОО-дан ауыстыру кезінде;

- емтиханда қанағаттанарлықсыз баға алғандар немесе дәлелсіз себептермен емтиханға жіберілмегендер (академиялық берешек);

- қажет болған жағдайда үлгерімнің орташа балын (GPA) жоғарылатқысы келетіндерге.

2. Академиялық кезең ішінде пәндерді қосымша немесе қайта оқу кезінде (1-ші немесе 2-ші семестр) олардың негізгі кредиттерге қосымша жиынтық көлемі 10 кредиттен аспайды (яғни семестрдегі кредиттер сомасы 40 кредиттен аспауы тиіс).

Жазғы қосымша семестрде оқытылатын пәндердің жиынтық көлемі 30 кредиттен аспауы тиіс.

Пәндерді қосымша немесе қайта оқу тек ақылы негізде жүзеге асырылады.

3. Пәндерді қосымша және қайта зерделеу шеңберіндегі сабақтар жұмыс оқу жоспарларында көзделген дәрістерді, зертханалық, практикалық (семинарлық) сабақтарды және аудиториялық және өзіндік жұмыстың басқа да түрлерін, консультациялар мен емтихандарды қамтиды.

**Пәндерді қосымша және қайта оқытуды ұйымдастыру схемасы**

4. Сессия аяқталғаннан кейін 5 күн ішінде жекелеген пәндерді қосымша немесе қайта оқудан өтуді қалайтын білім алушылар қосымша семестрге Platonus ақпараттық жүйесінде өздері оқығысы келетін пәндерді көрсете отырып, тіркеуден өтуі тиіс. Белгіленген мерзімде тіркеуден өтпеген білім алушылар қосымша жазғы семестрге жіберілмейді.

5. Білім алушылар сабақтар басталғанға дейін жасалған шартқа немесе қосымша келісімге сәйкес пәндерді қосымша немесе қайта оқу шеңберінде сабақтарға ақы төлейді.

6. Platonus ақпараттық жүйесі кемінде 12 адам жазылған пәндер бойынша оқу топтары мен лектерді қалыптастырады (арнайы. пәндер 8 адам). Олар Platonus жүйесінде тағайындалған оқытушыларға сәйкес кесте жасайды.

7. Университет кафедралары қосымша сабақтар, кеңестер өткізу және сағаттық төлем шарттары бойынша емтихандар қабылдау үшін оқытушыларды тағайындайды

8. ДАБ оқу жүктемесінің есебін жасайды.

9. ПОҚ-мен шарттар жасасуды оқытушының қатыстылығы бойынша кафедра меңгерушісі жетекшілік етеді.

10. Пәндерді қосымша және қайта оқытуды ұйымдастыру жөніндегі барлық іс-шаралар сессия аяқталғаннан кейін екі аптадан кешіктірілмей жүзеге асырылады.

11. Институт директоры студенттердің сабаққа қатысуы мен өткізілуіне бақылау жасайды. Офис регистратор қосымша және қайта зерделеу үшін шығарылған пәндер бойынша аралық және қорытынды бақылауды ұйымдастырады.

**Академиялық қызмет  
жөніндегі проректор**

ТО басшысы

АМД директоры

